

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 5 шілде N 723

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мына республикалық мемлекеттік кәсіпорындары таратылсын:

"Қ а р у (А р с е н а л) - 1 " ;

"Қару (Арсенал)-2".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мына мемлекеттік мекемелері құрылсын:

"Оңтүстік" әскери және арнайы жабдықтау базасы";

"Солтүстік" әскери және арнайы жабдықтау базасы".

3. Құрылатын мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) құрылатын мемлекеттік мекемелер жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі